

## Қазақстан Республикасында электр энергиясының көтерме сауда рыногын ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2004 жылғы 27 тамыздағы N 197 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 22 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3086. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 124 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 16.04.2013 № 124 бұйрығымен.**

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында электр энергиясының көтерме сауда рыногын ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесі (бұдан әрі - Е р е ж е ) б е к і т і л с і н .

2. "Қазақстан Республикасының электр қуаты мен энергиясының көтерме сауда рыногын одан әрі жетілдіру шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрінің N 8, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1366 болып тіркелген, 2001 жылғы 12 қаңтардағы бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Электр энергиясы және қатты отын Департаменті (Н.Б.Бертісбаев) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Ереженің 23-тармағының 3) тармақшасы, 30-тармағының 4) тармақшасы, 31-тармағының 3) тармақшасы, 35-тармағының 3) тармақшасы 2005 жылғы 31 желтоқсанға дейін күшінде болады деп белгіленсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және Ереженің 2006 жылғы 1 қаңтарда туындаған қатынастарға таралатын 6-тармағының 3) тармақшасын, 19-тармағын, 23-тармағының 2) тармақшасын, 30-тармағының 3) тармақшасын, 35-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, 2005 жылғы 1 қаңтарда туындаған қатынастарға таралады.

*М и н и с т р д і ң*

*міндетін атқарушы*

К е л і с і л г е н :  
Қазақстан Республикасының  
Табиғи монополияны реттеу  
және бәсекеден қорғау  
жөніндегі агенттіктің  
төрағасы міндетін атқарушы

---

10 қыркүйек 2004 жыл

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрінің  
2004 жылғы 27 тамыздағы N 197  
"Қазақстан Республикасы Электр  
энергиясының көтерме сауда  
рыногын ұйымдастыру және жұмыс  
істеу ережесін бекіту туралы"  
бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда рыногын  
ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесі 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда рыногын ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда рыногының субъектілері арасында туындайтын қарым-қатынастар осы Ережемен, басқа нормативтік құқықтық актілермен және электр энергиясының көтерме сауда рыногының субъектілері арасындағы шарттармен реттеледі.

3. Ереже Қазақстан Республикасының аумағындағы электр энергиясының көтерме сауда рыногының жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

**2-тарау. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар**

4. Ережеде мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) электр энергиясын сатып алу/сату шарты - белгілі бір кезеңде олардың табиғи түрде жеткізілуімен бірге электр энергиясының шарттық көлемін сатып алуға/сатуға арналған электр энергиясының көтерме сауда рыногының субъектілері арасында жасалатын келісім-шарт;

2) Электр энергиясы резервтерінің пулы (бұдан әрі РЭМ ПУЛ) - РЭМ Пул субъектілерінде олардың шарттық міндеттемелеріне қатысты электр қуатына авариялық тапшылығын жабуы үшін қажетті электр қуатын резервтеу мақсатында энергия өндіретін, энергия жеткізетін ұйымдар мен көтерме сауда тұтынушыларының ерікті негізінде құрылған ұйым;

3) электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногы - қысқа мерзімдік (спот саудасы), орташа мерзімдік (апта, ай) және ұзақ мерзімдік (тоқсан, жыл) негізде электр энергиясының саудасы үшін ұйымдастырылған сауда а л а ң ы ;

4) электр энергиясының транзиті - басқа елдердің энергия жүйелерінен электр энергиясын жеткізу үшін бір немесе бірнеше іргелес елдердің электр желілерін пайдалану жөніндегі көрсетілетін қызметтер;

5) уәкілетті орган - электр энергетика саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2009.12.14 № 337 бұйрығымен.

### **3-тарау. Электр энергиясының көтерме сауда рыногын мемлекеттік реттеу**

5. Электр энергиясының көтерме сауда рыногын мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының заңнамасымен және нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген өкілеттерге сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

### **4-тарау. Электр энергиясы көтерме сауда рыногының құрылымы**

6. Қазақстан Республикасындағы электр энергиясының көтерме сауда рыногы электр энергиясын сатып алу-сатумен байланысты қарым қатынастар жүйесін білдіреді және қатарлас, өзара байланысты жұмыс істеп тұрған мына р ы н о к т а р д а н т ұ р а д ы :

1) электр энергиясы сатып алу-сатудың орталықсыздандырылған сауда р ы н о г ы ;

2) электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногы;

3) нақты уақыт режимінде электр энергиясының теңгерімдік рыногы (тетігі);

4) жүйелік және қосалқы қызметтер көрсету рыногы.

### **5-тарау. Электр энергиясы көтерме сауда рыногының жұмыс істеуін ұйымдастыру 1-параграф. Электр энергиясының орталықсыздандырылған**

## **сатып алу-сату рыногының жұмыс істеуін ұйымдастыру**

7. Электр энергиясының орталықсыздандырылған сауда рыногында көтерме сауда рыногының субъектілері электр энергиясын сатып алу/сатуды оны уақыттың белгілі бір кезеңінде (апта, ай, тоқсан, жыл) жеткеретіндей етіп екіжақтық мәмілелер жасайды.

8. Электр энергиясын сатып алу-сату мәмілесі сатып алушылар мен сатушылар арасында жасасылған электр энергиясын сатып алу/сату шарттарының негізінде жасалады.

9. Көтерме сауда рыногының субъектілері электр энергиясының орталықсыздандырылған сауда рыногында электр энергиясын сатып алу-сатуды Жүйелік оператордың келісілген түзетулерді ескере отырып бекіткеніндей тәуліктік кестеде көрсетілген электр энергиясы көлемдерінің мәндеріне сәйкес жүзеге асырады.

10. Ұлттық электр торабы бойынша электр энергиясын табиғи түрде жеткеру/босатуды көздейтін электр энергиясын сатып алу/сату шарттары (техникалық бөлімі) Жүйелік оператордың сараптауына және тіркеуіне жатады. Жүйелік оператор электр энергиясын сатып алу/сату шарттарын сараптау және тіркеу кезінде ұлттық электр торабына энергия өндіруші ұйымдар мен тұтынушылардың рұқсатының болуын тексереді, электр энергиясын жеткізу мен техникалық диспетчерлендіру мүмкіндігінің қажетті техникалық талаптарға сәйкестігін анықтайды.

11. Іргелес мемлекеттердің электр тораптары бойынша электр энергиясын жеткізуді немесе транзитін көздейтін электр энергиясын сатып алу/сату келісім-шарттары Жүйелік оператор мен іргелес мемлекеттердің тиісті уәкілетті органдары арасында тиісті шарттар болған жағдайда Жүйелік оператордың тіркелуіне жатады.

12. Электр энергиясын сатып алу/сату келісім-шарттарын тіркеу үшін (техникалық бөлім) Жүйелік операторға электр энергиясын сатып алу-сатуға арналған шарттар мен шартқа деп екі жақ қол қойған ақпараттық-техникалық өтініш ұсынылады.

13. Бұрын жасасылған және Жүйелік операторда тіркелген электр энергиясын сатып алу/сатудың екі жақты келісім-шарттарына өзгерістер енгізу Азаматтық кодекске сәйкес белгіленеді.

## **2-параграф. Электр энергиясы орталықтандырылған сауда рыногының жұмыс істеуін ұйымдастыру**

14. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногы мына мақсаттарда жұмыс істейді:

1) көтерме сауда рыногының субъектілеріне электр энергиясын жоспарлы жеткеру/тұтыну режимдерін оңтайландыру мүмкіндігі электр энергияның сағат бойғы көлемдерін "бір тәулік бұрын" режимінде сатып алу/сатудың қысқа мерзімдік спот мәмілелерін жасау жолымен беру;

2) электр энергиясын ағымдық нарықтық құнының шынайы көрсеткішін түздіру;

3) электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногын орташа мерзімдік (апта, ай) және ұзақ мерзімдік (тоқсан, жыл) мезгілдерге ұйымдастыру мен өткізу.

15. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногында орталықтандырылған сауда-саттықтардың келесі түрлері өткізіледі:

1) "бір күн бұрын" және "операциялық тәуліктер ішінде" режимдеріндегі спот-сауда-саттықтары;

2) электр энергиясының орташа мерзімдік (апта, ай) және ұзақ мерзімдік (тоқсан, жыл) мезгілдерге арналған сауда-саттықтары.

16. Электр энергиясының көтерме сауда рыногы субъектілерінің орталықтандырылған сауда-саттықтарға қатысуы Заңда қарастырылған кездерден басқа ерікті болып табылады, осы Ережемен айқындалады және электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногы Операторы мен рынок субъектісінің шарты негізінде жүзеге асырылады.

17. Орталықтандырылған сауда рыногын ұйымдастыру мен басқаруды электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногының Операторы жүзеге асырады.

18. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногының жұмыс істеуі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалады.

### **3-параграф. Электр энергиясы теңгерімдік рыногының жұмысын ұйымдастыру**

19. Электр энергиясы теңгерімдік рыногының (тетігінің) жұмысын ұйымдастыру тәртібі уәкілетті органмен айқындалады.

### **4-параграф. Жүйелік және қосалқы қызметтер рыногының жұмыс істеуін ұйымдастыру**

20. Жүйелік және қосымша қызметтер көрсету рыногының жұмыс істеу тәртібі мен Жүйелік оператордың қызметтер ұсыну тәртібі уәкілетті органмен айқындалады.

## **6-тарау. Электр энергиясы көтерме сауда рыногының субъектілері**

21. Электр энергиясы көтерме сауда рыногының субъектілеріне жататындар:

- 1) энергия өндіретін ұйымдар;
- 2) электр энергиясын тұтынушылар;
- 3) энергиямен жабдықтаушы ұйымдар;
- 4) жүйелік оператор;
- 5) энергия беруші ұйымдар;
- б) электр энергиясы орталықтандырылған саудасының рынок операторы;
- 7) алынып тасталды.

**Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2009.12.14 № 337 бұйрығымен.**

## **7-тарау. Электр энергиясының көтерме сауда рыногына энергия өндіретін ұйымдардың қатысуы**

22. Энергия өндіретін ұйымдар Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда рыногында электр энергиясын өндіру және сату қызметін олар мынадай шарттарды орындаған жағдайда жүзеге асырады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіппен **лицензиясының болуы**;
- 2) ұлттық және (немесе) аймақтық электр желілеріне рұқсатының болуы;
- 3) кемінде 1 мегаватт (бұдан әрі - 1 МВт) орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр энергиясын көтерме сауда рыногына жеткізуі және коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің, Жүйелік операторда белгіленген бас жүйелерге олардың бірдейлендірілуін қамтамасыз ететін телекоммуникациялардың болуы.

23. Ұлттық электр торабына қосылған, ұлттық электр торабына рұқсаты бар энергия өндіретін ұйымдарға Жүйелік оператормен келісім-шарттары болған **жағдайда**:

- 1) Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясын өндіру/тұтыну режимдерін техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтер **көрсетуге**;
- 2) Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясын өндіру/тұтыну теңгерімдерін ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетулерге;
- 3) қуатты (жиілікті) реттеу жөніндегі қызмет көрсетулерге рұқсат беріледі.

24. Өңірлік электржелілік компанияларының электр желілеріне қосылған, Ұлттық электр торабына рұқсаты бар энергия өндіретін ұйымдарға Қазақстанның

біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясын өндіру/тұтыну түзімдерін техникалық диспетчерлендіру жөніндегі соңғы қызмет көрсетулерге Жүйелік оператормен энергия өндіретін ұйымдардың келісім-шарты болған жағдайда рұқсат беріледі.

25. Өңірлік электржелілік компаниялардың электр желілеріне қосылған, өңірлік электр желілеріне рұқсаты бар энергия өндіретін ұйымдарға олар мынадай шарттарды орындаған жағдайда:

1) Қазақстанның Біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясын өндіру/тұтыну режимдерін техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызмет көрсетуге арналған Жүйелік оператормен келісім-шарты болса;

2) өңірлік электр торабының шекараларындағы электр энергиясын есепке алудың келісілген нүктелерінде электр энергиясының тепе-теңсіздігін қаржылық реттеу жөніндегі соңғы қызмет көрсетулерге өңірлік электржелілік компаниялармен келісім-шарты болса, рұқсат беріледі.

26. Электр энергиясының орталықсыздандырылған сауда рыногындағы энергия өндіретін ұйымдар Азаматтық кодекске сәйкес белгіленетін жеткеру бағалары, көлемдері мен шарттары жөніндегі электр энергиясын сатып алу/сату келісім-шартын жасасады.

27. Электр энергиясының көтерме сауда рыногында өз қызметін жүзеге асыру үдерісінде энергия өндіретін ұйымдар:

1) Жүйелік оператордан, Электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногының операторынан, өңірлік электржелілік компаниялардан электр энергиясы рыногының басқа субъектілерінің коммерциялық мүдделерін қозғамайтын дұрыс және толық ақпарат алады;

2) Жүйелік оператормен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінде жасалған келісім-шарттар негізінде стандарттық жиілікті реттеуді және ұстап тұруды жүзеге асырады;

3) Жүйелік операторға және (немесе) өңірлік электржелілік компанияларға электр энергиясын сатып алу/сатудың жасасылған келісім-шарттары жөніндегі ақпаратты қоса алғанда, орталықтандырылған қауырт-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыруға қажетті ақпаратты береді;

4) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттық рынок операторына электр энергиясының орталықтандырылған және орталықсыздандырылған рыногында электр энергиясын сатып алу/сатудың жасасылған келісім-шарттары жөніндегі ақпаратты қоса алғанда, Қазақстандағы электр энергиясы рыногының мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті а қ п а р а т т ы б е р е д і ;

5) электр энергиясын босатуды коммерциялық есепке алудың нүктелерінде Жүйелік оператормен келісімдеріндегі ескерілген электр энергиясындағы өз

тепе-теңсіздіктерге ақы төлеу кепілдігін қамтамасыз етеді;

6) Жүйелік оператор белгілейтін қуат резервтерін, көлемін, құрылымы мен орналасуын ұстап тұруды қамтамасыз етеді;

7) электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына кедергісіз кіруге Жүйелік операторға рұқсат береді;

8) Жүйелік оператордың диспетчерлік орталықтарымен және Жүйелік оператордың телекоммуникация, байланыс жүйелерімен әрі жедел-ақпараттық кешендерімен бірдейлендірілген диспетчерлік басқарудың жедел-ақпараттық кешендерімен бірге телекоммуникация мен байланыс жүйелерімен жарақтандырылып жұмыс істеп тұрған диспетчерлік мүйістің болуын қамтамасыз етеді;

9) Жүйелік оператордың диспетчерлік орталықтарымен жедел түрде қосатын және жедел түрде келіссөздер жүргізу құқығы берілген, тәулік бойы қауырт-диспетчерлік қызмет атқару үшін қажетті нұсқаунамалармен жабдықталып, оқытып-үйретілген және аттестацияланған қызметкерлердің болуын қамтамасыз етеді;

10) сұрау салу бойынша орталықтандырылған сауда рыногының Операторына электр энергиясын энергия жеткізуші ұйымдардың торабында босатудың жоспарланған көлемдері мен электр энергиясының орталық сауда-саттықтарында сату мөлшерлерін ұсынады. Энергия өндіруші ұйымдар-гидроэлектр станциялары табиғат қорғаушы өткелдердің белгіленген режимдеріне сәйкес электр энергиясын өндіру көлемдерін жоспарлайды және ақпаратты орталықтандырылған сауда операторына тапсырады;

11) электр энергиясын сатып алу/сату келісім-шарттарында, Жүйелік оператордың, өңірлік электржелілік компанияларының, электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногы операторының қызмет көрсетулеріне арналған келісім-шарттарда келісілген міндеттерді орындайды.

## **8-тарау. Электр энергиясының көтерме сауда рыногына тұтынушылардың қатысуы**

28. Электр энергиясының орталықсыздандырылған рыногында тұтынушылар Азаматтық кодекске сәйкес белгіленетін жеткеру бағалары, көлемдері мен шарттары жөніндегі электр энергиясын сатып алу-сату келісім-шарттарын жасасады.

29. Электр энергиясын тұтынушылар электр энергиясының көтерме сауда рыногына мынадай шарттарды орындаған жағдайда қатысады:

- 1) ұлттық және (немесе) өңірлік электр торабына рұқсаты болса;
- 2) кемінде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр



энергиясын көтерме сауда рыногында сатып алса және коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелері, Жүйелік оператор белгілеген бас жүйелермен бірге олардың бірдейлендірілуін қамтамасыз ететін осы заманғы телекоммуникациялары болса.

30. Ұлттық электр торабына қосылған, ұлттық электр торабына рұқсаты бар электр энергиясын тұтынушыларға Жүйелік оператормен келісім-шарттары болған жағдайда :

1) ұлттық электр торабы бойынша электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызмет көрсетулерге ;

2) шетелдерден әкелінетін электр энергиясын техникалық диспетчерлендіру ( электр энергиясын шетелден әкелу жүзеге асырылған жағдайда) жөніндегі қызмет көрсетулерге ;

3) Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясын өндіру/тұтынудың теңгерімдігін ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетулерге;

4) қуатты (жиілікті) реттеу жөніндегі қызмет көрсетулерге рұқсат беріледі.

31. Өңірлік электржелілік компанияларының электр желілеріне қосылған, Ұлттық электр торабына рұқсаты бар электр энергиясын тұтынушыларға олар мынадай шарттарды орындаған жағдайда:

1) ұлттық электр торабы бойынша электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызмет көрсетулерге Жүйелік оператормен келісім-шарты болса;

2) шетелдерден әкелінетін электр энергиясын техникалық диспетчерлендіру ( электр энергиясын шетелден әкелу жүзеге асырылған жағдайда) жөніндегі қызмет көрсетулерге Жүйелік оператормен келісім-шарты болған жағдайда;

3) қуатты (жиілікті) реттеу жөніндегі қызмет көрсетулерге;

4) өңірлік электр торабына рұқсаты бар болса, рұқсат беріледі.

32. Өңірлік электржелілік компаниялардың электр тораптарына жалғанған, аймақтық электр торабына рұқсаты бар электр энергиясын тұтынушылар олардың мынадай негізгі шарттарды орындауы негізінде:

1) өңірлік электржелілік компанияларының электр желілері бойынша электр энергиясын жеткізу жөніндегі соңғы қызмет көрсетулерге аймақтық электржелілік компаниялармен келісім-шарты болса;

2) өңірлік электр торабының шекараларында электр энергиясын есепке алудың келісілген нүктелерінде электр энергиясының тепе-теңсіздігін қаржылық реттеу жөніндегі соңғы қызмет көрсетулерге өңірлік электржелілік компаниялармен келісім шарты болса рұқсат беріледі.

33. Электр энергиясын тұтынушылар электр энергиясының көтерме сауда рыногындағы қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) Жүйелік операторынан, электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногының операторынан, өңірлік электржелілік компаниялардан электр

энергиясы рыногының басқа субъектілерінің коммерциялық мүдделерін қозғамайтын дұрыс және толық ақпарат алады;

2) жасасылған келісім-шарттарға сәйкес электр энергиясын жеткізбеуінен және сапасыз жеткізуден келтірілген нақты шығынның орнын толтыруды энергия өндіретін, энергия жеткізетін және энергиямен жабдықтайтын ұйымдардан талап етуге құқылы;

3) Жүйелік операторға және (немесе) өңірлік электржелілік компанияларға электр энергиясын сатып алу/сатудың жасасылған келісім-шарттары жөніндегі ақпаратты қоса алғанда, орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыруға қажетті ақпаратты береді;

4) электр энергиясын жіберуді коммерциялық есепке алудың нүктелерінде Жүйелік оператормен келісімдерінде ескерілген электр энергиясындағы өз тепе-теңсіздіктеріне ақы төлеу кепілдігін қамтамасыз етеді;

5) коммерциялық есепке алу аспаптарының мәліметтерін белгіленген мерзімде береді және ұсынылып отырған ақпараттың дұрыстығы үшін жауапкершілікте болады;

6) тұтынушылардың меншігіндегі электр қондырғылары мен коммерциялық есепке алу аспаптарының тиісінше техникалық жай-күйінде ұстайды, олардың техникалық жай-күйіне қойылатын талаптарды электр мен жылу энергиясының ережелеріне сәйкес орындайды;

7) электр энергиясын сатып алу/сату келісім-шартымен белгіленген электр тұтыну түзімдерін сақтайды;

8) Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясының стандарттық жүйесін ұстап тұруға бағытталған нормативтік талаптарды орындайды;

9) жасасылған келісім-шарттарға сәйкес жіберілген, жеткізілген және тұтынылған электр энергиясына уақытында ақы төлейді;

10) электр энергиясын сатып алу/сату шарттарының өзгергені туралы электр энергиясын сатып алу/сату келісім-шарттары бойынша контрагенттерді және Жүйелік операторды уақытында ескертеді;

11) Жүйелік операторға электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына рұқсатты кедергісіз береді;

12) диспетчерлік мүйістерінің, Жүйелік оператордың диспетчерлік орталықтарымен байланыстың жарактандырылған құралдарының болуын немесе осындай өкілеттікті басқа диспетчерлік мүйіске беру туралы құжаттың болуын қамтамасыз етеді;

13) өкілетті диспетчерлік орталықпен қосылған телеметриялық ақпаратты жинау мен жеткізу жүйесінің болуын өздерінің диспетчерлік мүйісі болмаған жағдайда қамтамасыз етеді;

14) электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелердің, Жүйелік оператордың электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған бас жүйесінің аймақтық мәліметтер базасымен ілеспелі деректердің өңделуін және жеткізілуін қамтамасыз етеді;

15) Жүйелік оператордың қауырт-ақпараттық кешенімен бірдейлендіріле жұмыс істеп тұрған қауырт-ақпараттық кешенінің болуын, егер өздерінің диспетчерлік мүйісі бар болса, қамтамасыз етеді;

16) келісім-шарттармен және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленген міндеттерді орындайды.

## **9-тарау. Электр энергиясының көтерме сауда рыногына электрмен жабдықтаушы ұйымдардың қатысуы**

**Ескерту. 9-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2009.12.14 № 337 бұйрығымен.**

34. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда рыногындағы қызметін мынадай шарттарды орындаған жағдайда жүзеге асырады:

1) энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу құқығын беретін лицензия мен ұлттық және (немесе) өңірлік электр торабына рұқсаты болса ;

2) ұлттық және (немесе) өңірлік электр торабына рұқсатының болуы;

3) кемінде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр энергиясын көтерме сауда рыногынан жеткізу/тұтыну жөніндегі талаптарды орындау және коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелері, Жүйелік оператор белгілеген бас жүйелермен бірге олардың бірдейлендірілуін қамтамасыз ететін телекоммуникациялары болса.

**Ескерту. 34-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2009.12.14 № 337 бұйрығымен.**

35. Ұлттық электр торабына рұқсат электрмен жабдықтаушы ұйымдарға мынадай шарттарды орындаған жағдайда беріледі:

1) электр энергиясын тұтынушыларды көрсете отырып, ұлттық электр торабы бойынша электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызмет көрсетулерге және (немесе) электр энергиясын тұтынушыларды көрсете отырып, шет елдерден әкелінетін электр энергиясын техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызмет көрсетулерге (электр энергиясын шетелдерден әкелу жүзеге асырылған, немесе осындай қызметтерді сатып алған жағдайда) арналған Жүйелік операторымен келісім - шарттар болса ;

2) электр энергиясын тұтынушыларды және/немесе энергия өндіретін

ұйымдарды көрсете отырып, Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясын өндіру/тұтынудың теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетулерге арналған Жүйелік оператормен келісім-шарттары  
б о л с а ;

3) қуатты (жиілікті) реттеу жөніндегі қызмет көрсетулерге Жүйелік оператормен келісім-шарттардың болуы;

4) өңірлік электр тораптарына рұқсаты болса, егер энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың аймақтық электр тораптарына қосылған субъектілері бар болса.

**Ескерту. 35-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2009.12.14 № 337 бұйрығымен.**

36. Өңірлік электр торабына кіру рұқсаты энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға олардың өңірлік электржелілік компаниялармен келісім-шарттары болған жағдайда беріледі:

1) электр энергиясын тұтынушыларды көрсете отырып, өңірлік электржелілік компаниялардың электр тораптары бойынша электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызмет көрсетулерге;

2) электр энергиясының коммерциялық есепке алудың келісілген нүктелерінде электр энергиясының тепе-теңсіздіктерін қаржылық реттеу жөніндегі қызмет көрсетулерге.

**Ескерту. 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2009.12.14 № 337 бұйрығымен.**

37. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар өздерінің тұтынушыларын энергиямен жабдықтау мақсатында тиісті шекті, есептік немесе жеке тарифтерді ескере отырып электр энергиясын сатып алуды:

тараптардың келісімі бойынша белгіленген бағалары, көлемдері мен шарттары бойынша энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясының орталықсыздандырылған сауда нарығында;

«Қазақстан Республикасында электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2007 жылғы 29 тамыздағы № 228-НҚ бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 5095 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен орталықтандырылған сауда нарығында жүзеге асырады.

**Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2009.12.14 № 337 бұйрығымен.**

38. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясының орталықтандырылған саудаға қатысуы Заңмен белгіленген жағдайларды

қоспағанда, ерікті негізде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2009.12.14 № 337 бұйрығымен.**

39. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында өз қызметін жүзеге асыру кезінде энергиямен жабдықтаушы ұйымдар:

1) Жүйелік операторынан, электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногының операторынан, өңірлік электржелілік компаниялардан электр энергиясы рыногының басқа субъектілерінің коммерциялық мүдделерін қозғамайтын дұрыс ақпарат алады;

2) электр энергиясын коммерциялық есепке алудың нүктелерінде Жүйелік оператормен және (немесе) өңірлік электржелілік компаниялармен келісімдерде ескерілген осы электрмен жабдықтаушы немесе өзге ұйымдар қызмет көрсететін көтерме сауда рыногының субъектілерінің өз тепе-теңсіздіктеріне ақы төлеу кепілдігін қамтамасыз етеді;

3) электр энергиясын сатып алу/сатудың жасасылған келісім-шарттары жөніндегі ақпаратты қоса алғанда, орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыруға қажетті технологиялық ақпаратты Жүйелік операторға және (немесе) өңірлік электржелілік компанияларға беруді қамтамасыз етеді;

4) электр энергиясын сатып алу/сату шарттарының өзгергені туралы электр энергиясын сатып алу/сату келісім-шарттары бойынша өздерінің контрагенттерін , Жүйелік операторды және (немесе) өңірлік электржелілік ұйымды уақытында ескертеді ;

5) өз тұтынушыларының коммерциялық есепке алу аспаптарының мәліметтерін уақытында береді және ұсынылып отырған ақпараттың дұрыстығы үшін жауапкершілікте болады ;

6) Жүйелік операторға және (немесе) өңірлік электржелілік компанияларға қызмет көрсетілетін тұтынушылардың электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына кедергісіз кіруін қамтамасыз етеді;

7) тиісті диспетчерлік орталықпен не өңірлік электржелілік компаниясының мүйісімен диспетчерлеу жөніндегі қызметтер көрсету туралы шарттың болуын қамтамасыз етеді ;

8) өздерінің қызметтейтін рынок субъектілерінде өндіретін/тұтынатын электр қуаты мен энергиясының шамасы туралы телеметриялық ақпаратты жинау мен жеткізу жүйесінің болуын қамтамасыз етеді;

9) осы Ережелермен және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген өзге де міндеттерді орындайды.

**Ескерту. 39-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2009.12.14 № 337 бұйрығымен.**

40. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар-кепілдеуші жеткерушілер электр энергиясының орталықтандырылған саудасында уәкілетті орган белгілеген көлемдерде қатысуы тиіс.

41. Сұрау салу бойынша энергиямен жабдықтаушы ұйымдар-кепілдеуші жеткерушілер орталықтандырылған сауда рыногының операторына электр энергиясын энергия жеткізу ұйымдарының торабында босатудың жоспарлы көлемдері мен электр энергиясын орталықтандырылған сауда-саттықтарда жоспарлы сатып алу мөлшерлерін тапсырады.

## **10-тарау. Өңірлік электржелілік компаниялардың қызмет көрсетуі**

42. Өңірлік электржелілік компаниялардың негізгі функцияларына мыналар ж а т қ ы з ы л а д ы :

1) электр энергиясының белгіленген сенімділік нормалары мен сапа стандарттарына сәйкес аймақтық электр торабы бойынша электр энергиясын ж е т к і з у ;

2) өңірлік электр торабына кірігу үшін теңдей жағдайларды қамтамасыз ету;

3) өңірлік электр торабын пайдалану әзірлігінде ұстау және оны техникалық қ ы з м е т т е у ;

4) өңірлік электр торабының шекара шектерінде электр энергиясын өндіру/тұтынудың тәуліктік кестесін түзілдіру;

5) өңірлік электр торабының шекараларындағы есепке алудың келісілген нүктелерінде электр энергиясын есепке алу;

6) өңірлік электр торабы бойынша электр энергиясын жеткізген кезде оның технологиялық шығынын өтеу үшін электр энергияны сатып алу;

7) Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясын өндіру/тұтыну түзімдерін қауырт-диспетчерлік басқару процесінде Жүйелік оператормен өзара іс-қимылы;

8) ұлттық және өңірлік электр торабының бөліну шекараларындағы есепке алудың келісілген нүктелерінде электр энергиясы теңгерімсіздіктерінің Жүйелік оператормен қаржылық реттеу;

9) аймақтық электр торабының шекараларындағы есепке алудың келісілген нүктелерінде электр энергиясы теңгерімсіздіктерінің рынок субъектілерімен қаржылық реттеу ;

10) Жүйелік оператордың техникалық және әдістемелік басшылығымен электр энергиясын автоматтандырылған коммерциялық есепке алу жүйесін, электр энергиясының барлық рынок субъектілеріндегі реле қорғанышы мен апатқа қарсы автоматиканың түйіндес құрылғыларын құруға қатысу.

43. Өңірлік электржелілік компаниялар электр энергиясының рынок субъектілеріне келесі қызмет түрлерін көрсетеді:

1) электр энергиясын өңірлік электр торабы бойынша жеткізу жөніндегі қызмет көрсетулер;

2) электр энергиясының теңгерімсіздіктерін өңірлік электр торабының шекараларында қаржылық реттеу жөніндегі қызмет көрсетулер.

44. Электр энергиясын өңірлік электр торабы бойынша жеткізу жөніндегі қызметтер өңірлік электр торабына жалғанған электр энергиясының тұтынушыларына энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға олардың өңірлік электржелілік компаниясымен жасасқан шарты негізінде көрсетіледі. Электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызмет көрсетулер үшін табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген тариф бойынша жүргізіледі. Электр энергиясын коммерциялық есепке алу нүктелері, көрсетулерді түсіру және төлеу тәртібі аймақтық электр торабы бойынша электр энергиясын жеткізу жөнінде қызмет көрсетуге арналған шартпен айқындалады.

**Ескерту. 44-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2009.12.14 № 337 бұйрығымен.**

45. Электр энергиясының теңгерімсіздіктерін өңірлік электр торабының шекарасында қаржылық реттеу жөніндегі қызметтерді өңірлік электржелілік компаниялар электр энергиясының келесі рынок субъектілеріне көрсетеді:

1) өңірлік электр торабына жалғанған энергоөндіруші ұйымдарға;

2) өңірлік электр торабына жалғанған тұтынушыларға;

3) өңірлік электр торабы бойынша электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызмет көрсетуге шарт жасасқан энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға.

**Ескерту. 45-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2009.12.14 № 337 бұйрығымен.**

46. Электр энергиясының теңгерімсіздіктерін өңірлік электр торабының шекарасында қаржылық реттеу жөніндегі қызметтерді өңірлік электржелілік компаниялар екіжақтық шарт негізінде көрсетеді. Электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу жөніндегі қызметтер үшін төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тариф бойынша жүргізіледі. Электр энергиясын коммерциялық есепке алу нүктелері, көрсетулерді түсіру және төлеу тәртібі электр энергиясының теңгерімсіздіктерін өңірлік электр торабының шекарасында қаржылық реттеу жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шартпен айқындалады.

47. Өңірлік электржелілік компаниялар қызмет көрсету және оларға жүктелген міндеттерді жүзеге асырған кезде:

1) көтерме рынок субъектілерінен өңірлік электр торабының шекарасында

электр энергиясын коммерциялық есепке алудың келісілген нүктелерінде электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу кезінде электр энергиясын сатып алу/сатуды жүзеге асырады;

2) ұлттық және өңірлік электр торабының шекараларындағы электр энергиясын есепке алудың келісілген нүктелерінде электр энергиясы теңгерімсіздіктерін қаржылай реттеу кезінде электр энергиясын сатып алу/сатуды жүзеге асырады;

3) осы ережемен айқындалған міндеттерді жүзеге асыру үшін электр энергиясы көтерме рыногының барлық субъектілерінен меншік нысанына және ведомстволық тиесілігіне қарамастан қажетті ақпарат алады;

4) осы ережемен айқындалған міндеттерді жүзеге асыру үшін электр энергиясы көтерме сауда рыногының барлық субъектілерінен меншік нысанына және ведомстволық тиесілігіне қарамастан ақпараттың сапасына бақылау жасайды;

5) бөліп-жармай электр энергиясы рыногының барлық субъектілерінің өңірлік электр торабына кірігуіне жол береді;

6) өңірлік электр торабының орнықты да сенімді жұмысын, қауырт басқару (жүргізу) аймағына кіретін энергетикалық объектілерде апаттардың алдын алу, оқшауландыру мен жою жөніндегі шараларды дер кезінде қабылдауды қамтамасыз етеді; V040003090

7) Жүйелік оператормен бірлесе жеткізілетін электр энергиясының сапасын мемлекеттік стандарттар мен өзге де стандарттау жөніндегі нормативтік құқықтық актілер белгілеген талаптарға сәйкес қамтамасыз етеді;

8) электр энергиясын өңірлік электр торабы бойынша жеткізу кезінде оның технологиялық шығынын өтеу үшін электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады;

9) Жүйелік оператормен ұлттық және өңірлік электр торабының шекараларындағы электр энергиясын есепке алудың келісілген нүктелерінде ескерілген электр энергиясы теңгерімсіздіктерін төлеу жөніндегі кепілдемелерді қамтамасыз етеді;

10) осы Ережемен және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген өзге де міндеттерді орындайды.

## **11-тарау. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногы Операторының көрсететін қызметтері**

48. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногы Операторының функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілерімен айқындалады.



49. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногының Операторы келесі қызметтерді көрсетеді:

1) сауда жүйесіндегі электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарын электр энергиясының көтерме сауда рыногында жүргізуге әрдайым әзірлігін қамтамасыз ету және ұстап тұру;

2) электр энергиясының орташа мерзімдік (апта, ай) және ұзақ мерзімдік (тоқсан, жыл) мезгілдерге арналған спот-сауда-саттықтары мен сауда-саттықтарды ұйымдастыру және өткізу;

3) электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногында көтерме рынок субъектілерінің коммерциялық тәуекелдерін мейлінше кеміту мақсатында орталықтандырылған кепілдемелер мен есептесулер жүйесін ұйымдастыру;

4) электр энергиясының көтерме сауда рыногына қатысушыларды сауда жүйесімен жұмысқа үйрету;

5) орталықтандырылған сауда-саттықтарда жасасылған мәмілелердің орындалуын жүзеге асыру;

6) электр энергиясы көтерме сауда рыногының субъектілерін орталықтандырылған сауда-саттықтарда қалыптасқандай, электр энергиясына арналған көрсеткіштік бағалар бойынша ақпаратпен және басқа да ақпаратпен қамтамасыз ету.

## **12-тарау. Электр энергиясының экспорты мен импорты**

50. Электр энергиясының экспорты мен (немесе) импортына арналған мәмілелер бойынша электр энергиясының көтерме сауда рыногында туындаған қарым-қатынастар тиісті шарттардың, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен мемлекетаралық келісімдердің қарастырған тәртібімен реттеледі.

51. Электр энергиясының экспорты мен импорты егер де қатысушысы Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық шартпен өзгедей анықталмаса, кедендік заңнама талаптарын орындау шарттары кезінде жүзеге асырылады.

52. Жүйелік операторға мемлекетаралық электр энергиясы сальдо-ағындары шарттасу мәндерінің іргелес мемлекеттердің энергия жүйелерімен қамтамасыз етілуі және мемлекетаралық электр энергия теңгерімсіздіктерінің реттелуі үшін жауапкершілік артылады.

## **13-тарау. Электр энергиясын көтерме сауда рыногында сатып алу-сату шарттарының талаптары**

53. Электр энергиясын орталықтандырылған сауда рыногында сатып алу-сату шарттары талаптарының ерекшеліктері уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалады.

54. Электр энергиясын орталықсыздандырылған сатып алу-сату рыногында жасасылған электр энергиясын сатып алу-сату шарттары Азаматтық кодекске сәйкес болуы, сондай-ақ келесі талаптарды мазмұндауы тиіс:

1) тараптардың келісуінше электр энергиясын жеткерудің сағат бойғы тәуліктік және маусымдық өзгеру кестесі;

2) электр энергиясы тұтынушылары мен энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясының шарттық көлемдерін торапқа босатылуы мен тораптан қабылдануының табиғи және коммерциялық есеп нүктелерін көрсету;

3) электр энергиясын апаттық ретсіздіктер туындаған кезде жеткеру талаптары (резервілеу шарттары);

4) электр энергиясына сатып алушы уақтысында төлемеген кезде электр энергияның босатылуын шектеу және (немесе) доғару тәртібі;

5) Жүйелік оператордың тиісті түзетулерді ескере отырып бекіткен тәуліктік кестесінде көрсетілгендей электр энергиясы көлемдерінің мәндеріне сәйкес жүзеге асырылатын электр энергиясын сатып алу-сату тәртібі.

#### **14-тарау. Жауапкершілік**

55. Осы Ереженің бұзылғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болады.